

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2023 жылғы 27 қазандағы № 156  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2023 жылғы 30  
қазанда № 33583 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан**«Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек  
көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы»****Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін  
атқарушының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1 бұйрығына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы****БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26488 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа қосымшамен бекітілген Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында (бұдан әрі – Стандарт):

1, 2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және амбулаториялық, стационарлық және стационар алмастыратын жағдайларда



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

жарақаттары, тірек-қимыл аппаратының және сүйек-бұлшықет жүйесінің (бұдан әрі – СБЖ) аурулары бар пациенттерге травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейді.

Травматологиялық және ортопедиялық көмек меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарымен көрсетіледі.

2. Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының ұсынылатын штат саны осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

3. Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ұсынылатын жарақтандыру ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

10-тармақта:

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) стационарлық жағдайларда:

диагнозға мен КХ сәйкес мамандандырылған, оның ішінде ЖТМП;

тағайындалған ем жүргізу;

дәрігердің күн сайын қарап-тексеруі, ем түзетуі;

бөлімше меңгерушісінің қарап-тексеруі, консультациясы;

медициналық көрсетілімдер бойынша мамандардың консультациясын өткізу;

«Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарына сәйкес медициналық құжаттаманы рәсімдеу;

«Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы №ҚР-ДСМ-27 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР-ДСМ-175/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) сәйкес пациентті медициналық құжаттаманы рәсімдеумен және науқасқа стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірмесін беріп шығару;»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Осы Стандартқа 3-қосымшаға (бұдан әрі – 3 қосымша) сәйкес тірек-қимыл аппараты аурулары және жарақаттары бар пациенттерге диагностикалық және емдеу іс-шаралары медициналық көмекті өңірлендіруді ескеріле отырып тізбе бойынша жүргізіледі.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. СБЖ аурулары мен жарақаттары кезінде стационарлық жағдайдағы медициналық көмек медициналық көмек осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес өңірлендіру деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Денсаулық сақтау ұйымына медициналық көмек алу үшін жүгінген уақытта № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес пациентте алкогольдік, есірткілік немесе уыттық масаң күйінде анықталған кезде медицина қызметкері бұл туралы медициналық картаға жазып, кейіннен медициналық картаға нәтижелерін енгізе отырып, психикаға белсенді әсер ететін заттың құрамын анықтау үшін биологиялық материалды алады.»;

47, 48, 49-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Стационарлық жағдайларда көмек көрсететін бірінші өңірлендіру деңгейдегі медициналық ұйымдарда шокқа қарсы базалық терапия және реанимациялық іс-шаралар жүргізіледі. Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес хирургиялық араласулар жүзеге асырылады. Күрделі жағдайларда жоғары деңгейдегі медициналық ұйымдардың мамандары пациентке қашықтықтан консультациялар беру, шығу және (немесе) ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асырады.

48. Амбулаториялық жағдайларда СБЖ аурулары мен жарақаттары бар пациенттерге медициналық көмек көрсету үшін травматолог және ортопед кабинеттері ұйымдастырылады.

Травматолог пен ортопедтің кабинетінде:

- 1) СБЖ аурулары мен жарақаттары бар пациенттерге консультациялық-диагностикалық және медициналық көмек көрсету;
- 2) стационарлық жағдайларда емделуге СБЖ аурулары мен жарақаттары бар пациенттерді іріктеу және жіберу;
- 3) СБЖ аурулары мен жарақаттары бар пациенттерді ЖТМК көрсетуге іріктеу және жіберу;
- 4) СБЖ туа біткен патологиясы бар балаларды емдеуді жүргізу;
- 5) СБЖ ауруларының және жарақаттарының салдары бар пациенттерді: жамбастың туа біткен ұршық шықпасы, туа біткен маймақтық, сколиозы, қаңқаның тұқым қуалайтын жүйелік аурулары, қаңқа дамуының ауытқуларымен, ірі буындарды эндопротездеуден кейін остеопорозы бар пациенттерді байқау;
- 6) еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) жүзеге асырылады;
- 7) тірек-қимыл аппаратының және СБЖ функциялары бұзылуының тұрақты белгілері бар пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясына жіберу;
- 8) ересектер мен балалар арасында сүйек-бұлшықет сырқаттанушылығының және жарақаттанудың профилактикасына оны төмендетуге бағытталған мемлекеттік және өңірлік нысаналы бағдарламаларды орындауға қатысу;
- 9) қызмет көрсету ауданындағы ересектер мен балалар арасында сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің, СБЖ аурулары мен жарақаттардан болатын өлімнің негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштерін мониторингтеу және талдау;

10) қызмет көрсету ауданындағы СБЖ аурулары мен жарақаттары бар пациенттерді профилактикалау, диагностикалау, емдеу, оңалту бойынша консультациялар беру;

11) СБЖ аурулары мен жарақаттары бар пациенттерді профилактикалаудың, диагностикалаудың және емдеудің жаңа әдістерін тәжірибеге енгізу;

12) стационарды алмастыратын жағдайларда пациенттерге көмек көрсету «Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Емхананың травматолог және ортопед кабинеті 2-қосымшаға сәйкес амбулаториялық жағдайларда травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсету үшін медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

49. Қызмет көрсетілетін халық саны 120 мың адамнан аз елді мекендерде жарақат алған пациенттерге кезек күттірмейтін медициналық көмек стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдардың қабылдау бөлмелерінде көрсетіледі.

Қызмет көрсетілетін халық саны 120 мың адамнан асатын елді мекендерде жарақат алған пациенттерге кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін травматологиялық пункттер (бұдан әрі – травмпункт) ұйымдастырылады.

100 мың балаға жеке травмпункт құрылады.

Травмпункт облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының шешімімен:

1) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін тәулік бойы жұмыс істейтін денсаулық сақтау ұйымдардың;

2) демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 8-ден 20-ға дейін жұмыс істейтін амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдардың құрамында ұйымдастырылады.

Травмпункте жеке кіреберіс бар, пандуспен жабдықталған және мынадай үй-жайлар жиынтығы:

тіркеу бөлімі;

күту залы;

дәрігерлік қабылдау үшін кабинет;

операциялық;

таңу бөлмесі;

гипс салу үшін кабинет (гипстік бөлме);

егу бөлмесі;

емшара бөлмесі;

рентгенологиялық кабинет (ол болмаған кезде пациентті зерттеп-қарау травматологиялық пункті орналасқан денсаулық сақтау ұйымының рентгенологиялық кабинетінде жүргізіледі);

травмпункт меңгерушісінің кабинеті;

ординаторлық;

мейіргерлік;

инвентарлық кабинет;

аға мейіргер кабинеті бар.

Травмпункт 2-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

Кезек күттірмейтін травматологиялық көмекке жүгінген пациенттің тұрғылықты жеріне қарамастан көрсетіледі.

Травмпункте кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін мынадай жай-күйлер көрсетілімдер болып табылады:

сіңірлердің, бұлшықеттердің, нерв діңінің және ірі тамырлардың зақымдануынсыз жұмсақ тіндерінің инфекция түспеген жараларында, зардап шеккен адамның жалпы қанағаттанарлық жағдайында;

қол-аяқтың жұмсақ тіндерінің, кеуденің, омыртқа бағанының соғылуы;

жұмсақ тіндердің соғылуы, гемартрозбен асқынбаған буындардың байламдың аппаратының созылуы;

қолдардың, саусақтары мен аяқ бастары буындарының травматикалық шығып кетуі (наркозды қажет етпейтін балаларда);

өкпеқабы зақымданбай қабырғалардың жеке сынулары;

сүйектердің жабық сынулары (ығысусыз немесе репозиция мен ұстап қалынатын сынықтардың ығысуымен, балаларда ығысусыз, наркозды талап етпейтін сынуларда ғана);

балалардың сынықтарын қоспағанда, амбулаториялық жағдайда кейіннен емдеумен және байқаумен, жабық репозицияға және сыммен бекітуге берілетін сынулар;

амбулаториялық жағдайда алып тастауға болатын жұмсақ тіндердің бөгде денелері;

алақан-фалангалық буындар деңгейінде экзартикуляцияны талап етпейтін бір-екі саусақ фалангаларының жарақаттық ампутациясы;

жергілікті тіндермен тері пластикасын талап ететін, бірақ стационарлық емдеуге жатпайтын жұмсақ тіндердің ақауы бар жаралар;

балалардың сіңірлерінің зақымдануын қоспағанда, стационарлық емдеуге жатпайтын саусақ басы және (немесе) аяқ басы саусақтарының сіңір зақымданғаны бар жаралар;

зақымданудың жасы мен тереңдігін ескере отырып, балаларда хирургиялық араласуды қажет етпейтін шектеулі күйіктер (дене бетінің 5 %-нан аз).

Жарақат алған пациент (ересек, бала) жарақат алған сәттен бастап 3 (үш) тәулікке дейін травмпунктке жүгінеді және (немесе) жедел медициналық жәрдем арқылы түседі. Травмпунктке жәбірленушінің жалпы жағдайы, травматологиялық-ортопедиялық мәртебесі бағаланады, қажетті зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізіледі, кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетіледі.

Пациентке көрсетілімдер бойынша кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетілгеннен кейін пациент мамандандырылған медициналық көмек алу үшін бейінді стационарға жіберіледі.»;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Өңірлендірудің бірінші, екінші және үшінші деңгейлеріндегі медициналық ұйымдарда тиісті материалдық-техникалық жарақтандырылуы және мамандардың біліктілігі (сертификатталуы) болған кезде 3-қосымшаға сәйкес тізбеде бар барлық операциялық араласулар жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 6-тараумен толықтырылсын:

«6-тарау. Күйігі бар пациенттерге медициналық көмек көрсету тәртібі

53. Күйік кезінде медициналық көмек:

1) амбулаториялық жағдайларда және хирургиялық емдеуді қажет етпейтін дене бетінің 10 %-ға дейін (балаларда – дене бетінің 5 %-ға дейін) зақымдану аймағы бар I-II дәрежелі күйіктердің профилактикасы, диагностикасы, емдеу жөніндегі іс-шараларды, күйіктен кейінгі тыртық деформациялар мен тіндердің ақаулары бар пациенттерді медициналық оңалтуды қамтиды;

2) стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда және диагностиканың арнайы әдістері мен медициналық технологияларды қолдануды қажет ететін күйіктерді, күйік ауруын және оның асқынуларын, күйіктен кейінгі тыртық деформацияларын және тіндердің ақауларын диагностикалау, емдеу, оңалту жөніндегі іс-шараларды қамтып көрсетіледі.

54. Стационарлық жағдайда күйіктері бар пациенттерді емдеу үшін бірінші деңгейдегі өңірлік медициналық ұйымдардың хирургиялық бөлімшелерінің құрамында күйік (комбустиологиялық) төсектері, екінші және үшінші деңгейдегі өңірлік медициналық ұйымдардың құрамында күйік бөлімшелері (орталықтары) ұйымдастырылады.

55. Күйік бөлімі мынадай функцияларды орындайды:

1) күйік, электрден жарақаттану, күйіктен кейінгі тыртық деформациясы және тіндердің ақаулары кезінде комбустиология бейіні бойынша мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету;

2) күйігі бар пациенттерді динамикалық байқау;

3) күйік ауруының асқынуын емдеу;

4) медициналық оңалту бойынша кешенді іс-шаралар жүргізу;



5) күйіктерді диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша басқа медициналық ұйымдардың мамандарына консультациялық көмек көрсету;

6) күйік және күйік салдары, күйік аурулары бар пациенттерді емдеу кезінде медициналық ұйымдар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

7) күйік кезінде медициналық көмек көрсетуді жетілдіру мәселелері бойынша медициналық ұйымдармен ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс;

8) күйік жарақатын талдау және оның профилактикасы бойынша ұсыныстар әзірлеу;

9) консультацияларды ұйымдастыру және өткізу және (немесе) консилиумына қатысу, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтерді қолдану;

10) есепке алу және есептік құжаттаманы жүргізу.

56. Мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, оның ішінде күйік орталығында (бөлімшесінде) ЖТМҚ қолдана отырып медициналық көрсетілімдер мыналар болып табылады:

дене бетінің 15 % зақымдану аумағымен I-II дәрежелі күйіктер (балаларда дене бетінің 5 %);

I-II, IIIA дәрежелі күйіктер, зақымдану аумағы дене бетінің 10 %-дан аз (балаларда дене бетінің 5 %-дан аз) ерекше орналасқан (бас, бет, оның ішінде көру ағзасының күйіктерімен қатар), қол, аяқ, бұтарасы, жыныс мүшелері, мойын және ірі буындар аумағы), асқынулардың немесе қосарласқан патологияның болуы;

аумағы мен орналасуына қарамастан IIIB-IV дәрежелі күйіктер;

жүрек бұлшықетінің бұзылуы және есін жоғалту анамнезі бар электрлік жарақаттану салдарынан болған терінің күйіктері;

химиялық заттардың әрекетінің салдарынан болған терінің күйіктері;

ингаляциялық жарақаттан болған күйіктер;

I-II-III дәрежелі термиялық және химиялық күйіктер, дене бетінің 30 % зақымдану және әртүрлі аумағында орналасқан, оның ішінде ингаляциялық жарақатпен және ауыр инфекциялық асқынулардың (пневмония, сепсис) дамуымен болған;

радиациялық күйіктер (оның ішінде сәулелік терапиядан кейін);

күйіктен кейінгі тыртық деформациялары және әртүрлі орналасқан тіндердің ақаулары;

трофикалық ойықжаралар және әртүрлі этиологиялардың жарақаттары соның ішінде тері ақауын жабу үшін жауыржаралар;

жарақаттан кейінгі тыртық деформациясы және әртүрлі орналасқан тіндердің ақаулары;

кезеңдік реконструктивті-пластикалық операцияларды қажет ететін әртүрлі аумағында орналасқан күйіктен кейінгі тыртық деформациялары мен тіндердің ақаулары.

57. II - III дәрежелі күйігі бар пациенттер дене бетінің 20 %-дан асқан, III дәрежелі күйіктері бар ересектердегі дене бетінің 10 %-дан асқан, II-III дәрежелі күйіктері дене бетінің 10 %-дан асқан, III дәрежелі күйік шоқының дамуы кезінде балалардағы дене бетінің 5 %-дан асқан, тыныс алу функциясы жеткіліксіздігінің дамуымен ингаляциялық жарақаттар, өмірге қауіп төндіретін басқа да жағдайлармен қосарласқан жүрек-қан тамырлары функциясы жеткіліксіздігінің дамуымен электрлік жарақат алған салдары кезінде пациенттер анестезиология және реанимация бөлімшелеріне жіберіледі.

Өмірге қауіп төндіретін жағдайлар жойылғаннан кейін пациенттер медициналық ұйымның күйік орталығына (бөлімшесіне) ауыстырылады (тасымалданады).»;

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілген Стандартқа 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көрсетілген Стандартқа 2-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Стандартқа 3-қосымшамен мынадай редакцияда толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**  
**Денсаулық сақтау министрі**

**А. Ғиният**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2023 жылғы 27 қазандағы  
№ 156 Бұйрыққа  
1-қосымша

Қазақстан Республикасында  
травматологиялық және  
ортопедиялық көмек көрсетуді  
ұйымдастыру стандартына  
1-қосымша

**Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау  
ұйымдарының ұсынылатын штат саны**

Амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында 20 мың тұрғынға шаққанда 1 (бір) травматолог-ортопед лауазымы белгіленеді. Травматолог-ортопед дәрігерінің 1 (бір) лауазымына 2 (екі) мейіргер лауазымы, 1 (бір) таңғыш мейіргер лауазымы белгіленеді.

Стационарлық жағдайларда травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында:

1) травматологиялық бөлімде:

бөлім меңгерушісі – 20 төсекке 1 (бір) лауазым;

травматолог-ортопед – 10 төсекке 1 (бір) лауазым;

нейрохирург – 0,5 лауазым (политравма бөліміне);

хирург – 0,5 лауазым (политравма бөліміне);

Шұғыл көмек көрсету үшін тәулік бойы 1 (бір) постқа травматолог-ортопед немесе тиісті даярлықтан өткен хирург 4,75 лауазымы белгіленеді.

Тәулік бойы 1 (бір) постқа 10 төсекке мейіргердің кемінде 4,75 лауазымы белгіленеді.

Таңу мейіргерінің лауазымы 20 төсекке кемінде 1 (бір) лауазым, 20 төсекке кемінде 1 (бір) емшара мейіргері, 10 төсекке кемінде 1 (бір) операциялық мейіргердің лауазым есебінен белгіленеді. Операциялық аға мейіргердің

лауазымы операциялық мейіргерлері мен таңу бөлмесінің мейіргерлерінің кемінде 3 лауазымы болған кезде белгіленеді.

2) ортопедиялық бөлімде:

бөлім меңгерушісі – 20 төсекке 1 (бір) лауазым;

травматолог-ортопед – 10 төсекке 1 (бір) лауазым;

тәулік бойы 1 (бір) постқа 10 төсекке мейіргердің 4,75 лауазымы белгіленеді.

Таңу мейіргердің лауазымы 20 төсекке кемінде 1 (бір) лауазым, 20 төсекке кемінде 1 (бір) емшара мейіргері, 10 төсекке кемінде 1 (бір) операциялық мейіргердің лауазым есебінен белгіленеді. Аға операциялық мейіргердің лауазымы таңу бөлмесінің операциялық мейіргерлері мен мейіргерлерінің кемінде 3 лауазымы болған кезде белгіленеді.

Күйік орталығында (бөлімшеде):

меңгеруші – 16 төсекке 1 лауазым;

травматолог-ортопед немесе хирург – 8 төсекке 1 лауазым;

травматолог-ортопед немесе хирург шұғыл көмек көрсету үшін – 4,75 лауазым;

офтальмолог-дәрігер – 0,5 лауазым:

аға мейіргер - 1 лауазым:

емшара кабинетінің мейіргері – 2 лауазым;

палаталық мейіргері (пост) – 16 төсекке 7 лауазым;

таңғыш мейіргері – кемінде 2 лауазым;

кіші медициналық персонал (санитарлар) – 16 төсекке 9,5 лауазым;

науқас күтімі бойынша кіші мейіргері – кемінде 1 лауазым.

Травматологиялық пункттің штат саны:

бөлім меңгерушісі – 1 лауазым;

аға мейіргер – 1 лауазым;

егу мейіргері – 1 лауазым;

шаруашылық бикесі – 1 лауазым;

Травматолог-ортопедтер, операциялық мейіргер, кезек күттірмейтін көмек көрсету жөніндегі мейіргерлер, кіші медициналық персонал лауазымдарының саны жүктеме ескеріле отырып айқындалады.

Жүктеме өткен жылғы орташа статистикалық деректер бойынша анықталады.

Жүктеме кезінде тәулігіне 60 жүгіну:

травматолог-ортопед – 4,75 лауазым;

жедел жәрдем мейіргері – 4,75 лауазым;

шаруашылық бикесі – 1 лауазым;

кіші медициналық персонал (санитарлар) – 4,75 лауазым;

жүктеме кезінде тәулігіне 60-тан астам жүгіну:

травматолог-ортопед – 9,5 лауазым;

операциялық мейіргері – кемінде 1 лауазым;

кезек күттірмейтін көмек жөніндегі мейіргері – кемінде 1 лауазым;

кіші медициналық персонал (санитарлар) – 9,5 лауазым.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2023 жылғы 27 қазандағы  
№ 156 Бұйрыққа  
2-қосымша

Қазақстан Республикасында  
травматологиялық және  
ортопедиялық көмек көрсетуді  
ұйымдастыру стандартына  
2-қосымша

**Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау  
ұйымдарын ұсынылатын медициналық бұйымдармен жарактандыру**

№	Медициналық жабдықтар, мүліктер, медициналық мақсаттағы бұйымдар	Деңгейлер					
		1	2	3	4	5	6
		Дәрігерлік амбулатория, травматолог және ортопед кабинеті,	Травматологиялық пункт	Хирургиялық бөлімшесі бар аудандық аурухана	Травматологиялық бөлімшесі бар көпбейінді ауданаралық аурухана	Травматологиялық бөлімшесі бар қалалық аурухана	Көп бейінді облыстық ауруханалар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың көп бейінді қалалық ауруханалары, бейіні бойынша денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар
1.	Қол-аяққа, омыртқа бағанына/мойынға арналған көліктік шиналар жиынтығы	+	-	+	+	+	+
2.	Таңу үстелі	+	-	+	+	+	+
3.	Гипс салу үстелі	+(-)	-	+(-)	+	+	+
4.	Құралдарға арналған жылжымалы үстел	+(-)	-	+(-)	+	+	+
5.	Гипс таңғыш қоюға арналған тіреу	+(-)	-	+	+	+	+
6.	Төбеге ілінетін көлеңкесіз шам	+(-)	-	+	+	+	+
7.	Жылжымалы көлеңкесіз шам	+	+	+	+	+	+
8.	Бұрыш өлшегіш	-	-	+(-)	+	+	+
9.	Негатоскоп	+(-)	-	+	+	+	+
10.	Стерильденген құралдарды сақтауға арналған камера	-	-	+(-)	+(-)	+(-)	+

11.	Алғашқы хирургиялық өңдеуге арналған құралдар жиынтығы	-	-	-	-	-	+
12.	Сіңірлерге тігіс салуға арналған құралдар жиынтығы	+(-)	+(-)	+	+	+	+
13.	Гипс таңғыштар қоюға және оларды шешіп алуға арналған жиынтық	+	+	+	+	+	+
14.	Қаңқаны созуға (керуге) арналған Беллер шинасы	+	+	+	+	+	+
15.	Жактау (Балканский)	+	+	+	+	+	+
16.	Медициналық электрбұрғы жиынтығы	-	+	+	+	+	+
17.	Қаңқаны созуға (керуге) арналған жиынтық (спицалар, капсырмалар, леска, салмақты зат)	+	+	+	+	+	+
18.	Жылжымалы рентген аппараты	-	+	+	+	+	+
19.	Функциялық төсектер	+	+	+	+	+	+
20.	Ультрадыбыстық диагностика жасауға арналған аппарат	-	+	+	+	+	+
21.	Өкпеге жасанды желдететін аппарат	+	+	+	+	+	+
22.	Наркоздық-тыныс алу аппараты	+	+	+	+	+	+
23.	Операциялық рентген-негативті әмбебап үстел	+	+	+	+	+	+
24.	Моно-биполярылық коагулятор	+	+	+	+	+	+
25.	Ересектерге арналған травматологиялық операциялық құралдар жиынтығы	-	+(-)	-	+	+	+
26.	Сүйектүстілік, кортикалық остеосинтезге арналған импланттар жиынтығы	-	-	+	+	+	+
27.	Органжіліктің ішкі остеосинтезіне арналған импланттар	+	-	+	+	+	+



	және оларды орналастыруға арналған құралдар						
28.	Үлкен жіліншіктің ішкі остеосинтезіне арналған импланттар және оларды орналастыруға арналған құралдар	-	-	+	+	+	+
29.	Тоқпанжіліктің ішкі остеосинтезіне арналған импланттар және оларды орналастыруға арналған құралдар	-	-	+	+	+	+
30.	Органжіліктің остеосинтезін сырттай бекітетін спицалы және сымөзекті (стерженьді) аппараттар жиынтығы	-	-	+	+	+	+
31.	Жіліншік остеосинтезін сырттай бекітетін спицалы және сымөзекті (стерженьді) аппараттар жиынтығы	-	-	+	+	+	+
32.	Тоқпанжілік остеосинтезін сырттай бекітетін спицалы және сымөзекті (стерженьді) аппараттар жиынтығы	-	-	+	+	+	+
33.	Білек остеосинтезін сырттай бекітетін спицалы және сымөзекті (стерженьді) аппараттар жиынтығы	-	-	-	-	-	+
34.	Жамбассүйек остеосинтезін сырттай бекітетін спицалы және сымөзекті (стерженьді) аппараттар жиынтығы	-	+(-)	+	+	+	+
35.	Ірі буындарды эндопротездеуге арналған әртүрлі типті және өлшемді эндопротездер жиынтығы	-	-	-	+	+	+
36.	Кіші буындарды эндопротездеуге арналған әр түрлі тип-	-	-	-	+	+	+

	ті және өлшемді эндопротездер жиынтығы						
37.	Балаларға арналған операциялық травматологиялық аспаптар жиынтығы	-	-	-	+	+	+
38.	Бассүйек трепанациясына арналған нейрохирургиялық жиынтық	-	-	-	-	+	+
39.	Омыртқа бағанына операциялар жасауға арналған жиынтық	-	-	-	+	+	+
40.	Сүйектерді өндеуге арналған жиынтық	-	-	-	-	-	+
41.	Ересектерге ортопедиялық операциялар жасауға арналған хирургиялық аспаптар жиынтығы	-	-	-	-	-	+
42.	Балаларға ортопедиялық операциялар жасауға арналған хирургиялық аспаптар жиынтығы	-	-	-	-	-	+
43.	Электрондық -оптикалық түрлендіргіші (С-доғасы) бар рентген аппараты	-	+(-)	-	+	+	+
44.	Кіші және ірі буындарға арналған артроскопиялық тірек, жиынтығымен бірге	-	-	-	-	+	+
45.	Компьютерлік томограф	-	-	-	+	+	+
46.	Магнитті-резонансты томограф	-	-	-	-	-	+
47.	Эхоэнцефалограф	-	-	+	+	+	+
48.	Алғашқы хирургиялық өндеуге арналған пульс лаваж жүйесі	-	-	+	+	+	+
49.	Дерматом	-	-	-	+	+	+
50.	Аэротерапиялық флюоридациялық құрылғы (күйікке қарсы төсек)	-	-	-	-	-	+
51.		-	-	-	-	+	+

	Механотерапиялық аппарат (тұрақты пассив қимылдар үшін)						
52.	Әртүрлі диаметрлі сымдар жиынтығы	-	+	+	+	+	+
<b>Күйік орталығын жарактандыру</b>							
№	Жарактандырудың атауы (жабдықтар)	Қажетті саны, дана					
1.	Мейіргердің жұмыс орны	1					
2.	Функционалды хирургиялық кереует	16					
3.	Кереует жанындағы үстел (тумбочка)	20					
4.	Көлеңкесіз медициналық жылжымалы шам	2					
5.	Таңу үстелі	1					
6.	Аспаптық үстел	3					
7.	Дәрілік препараттарды сақтауға арналған тоңазытқыш	3					
8.	Ұзақ жатқаннан терінің ойылуына қарсы матрас	4					
9.	Шағын хирургиялық аспаптар жиынтығы	5					
10.	Палаталардағы пациенттерді жылытуға арналған жүйе (жылу көрпесі)	4					
11.	Операциялық үстелдегі пациенттерді жылыту жүйесі (термотұрақтандыру матрацы)	1					
12.	Сұйықтандыратын күйікке қарсы кереует	3					
13.	Торы бар функционалды күйік төсегі	2					
14.	Рециркуляциялық үлгідегі ауаны зарарсыздандыру қондырғысы	12					
15.	Тері трансплантаттарын алуға арналған аппарат:						
	Қайтару-түсіру	2					
	дисктік	2					
16.	Торлы тері трансплантаттарын дайындауға арналған аппарат	4					
17.	Жұмсақ тіндерді кесуге және ұсақ тамырларды коагуляциялауға арналған электрхирургиялық аппарат	1					
18.	Тұтқалар жиынтығы бар ультрадыбыстық кавитацияға арналған аппарат	1					
19.	Байланыссыз газ аргон плазмалық коагуляцияға арналған аппарат	1					
20.	Жараларды емдеуге арналған теріс қысым аппараты	4					
21.	Сүйектерді өңдеуге арналған электрхирургиялық аспаптар жиынтығы (бұрғылау, осцилляторлық ара, трепан)	1					
22.	Портативті рентген аппараты	1					
23.	Ультрадыбыстық ингаляцияға арналған аппарат	2					
24.	Қоларба душы	2					
25.	Ұзақ мерзімді энтеральды қоректендіруге арналған сорғылар	3					
26.	Хирургиялық электр сорғы	2					

---

27.	Ұзақ көктамыршілік инфузиялардың көлемі мен режимін автоматты түрде ұстап тұруға арналған аспап (инфузиялық сорғы)	4
28.	Ұзақ көктамыршілік инфузиялардың көлемі мен режимін автоматты түрде ұстап тұруға арналған аспап (шприцтік мөлшерлегіш)	4

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2023 ЖЫЛҒЫ 27 қазандағы  
№ 156 Бұйрыққа  
3-қосымша

Қазақстан Республикасында  
травматологиялық және  
ортопедиялық көмек көрсетуді  
ұйымдастыру стандартына  
3-қосымша

**Тірек-қимыл аппараты аурулары және жарақаттары бар пациенттерге медициналық көмекті өңірлендіруді ескере отырып диагностикалық және емдеу іс-шараларының тізбесі**

№	Медициналық қызметтер	Деңгейлер					
		1			2		3
		Дәрігерлік амбулатория, травматолог және ортопед кабинеті,	Травматологиялық пункт	Хирургиялық бөлімшесі бар аудандық аурухана	Травматологиялық бөлімшесі бар көпбейінді ауданаралық аурухана	Травматологиялық бөлімшесі бар қалалық аурухана	Көп бейінді облыстық ауруханалар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың көп бейінді қалалық, ауруханалары, бейіні бойынша денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар
1.	Қанның жалпы клиникалық талдаулары	+	-	+	+	+	+
2.	Несептің жалпы клиникалық талдаулары	+	-	+	+	+	+
3.	Қанның биохимиялық талдаулары (көрсеткіштер бойынша)	+(-)	-	+(-)	+	+	+
4.	АИТВ, вирустық гепатит маркерлеріне және т.б. зерттеу (көрсеткіштер бойынша)	+(-)	-	+(-)	+	+	+
5.	Қан тобын және резус-факторды анықтау	+(-)	-	+	+	+	+
6.	Микрореакция	+(-)	-	+	+	+	+
7.	Бассүйек пен тірек-қимыл аппаратын рентгенологиялық зерттеу	+	+	+	+	+	+
8.		-	-	+(-)	+	+	+

	Ультрадыбыстық зерттеу (көрсетілімдер бойынша)						
9.	Электрокардиографиялық зерттеу (көрсетілімдер бойынша)	+(-)	-	+	+	+	+
10.	Компьютерлік томография (көрсетілімдер бойынша)	-	-	+(-)	+(-)	+(-)	+
11.	Магнит-резонанстық томография (көрсетілімдер бойынша)	-	-	-	-	-	+
12.	Шокқа қарсы негізгі және реанимациялық терапия	+(-)	+(-)	+	+	+	+
13.	Уақытша тасымалдау иммобилизациясын салу (Шанс жағасы, баспалдақ шинасы, тығыз таңғыш)	+	+	+	+	+	+
14.	Травматикалық буындарды жабық түрде түзету	+	+	+	+	+	+
15.	Сүйек сынықтарының жабық бір реттік репозициясы	+	+	+	+	+	+
16.	Буын блокадасын жою, менискіні түзету	-	+	+	+	+	+
17.	Жараларды алғашқы хирургиялық өңдеу	+	+	+	+	+	+
18.	Аяқ-қолдардың ашық сынуына АХӨ	+	+(-)	+	+	+	+
19.	Саусақтардың экстенсорлы сінірінің тігісі	+	+	+	+	+	+
20.	Бастапқы позициядан кейін 10 тәуліктен кешіктірмей, қайта орналастыруға және қайта ығыстыру кезінде ұстап қалуға болатын сынықтардың қайта репозициялары	-	+	+	+	+	+
21.	Гипс таңғыштарын салу	+	+	+	+	+	+
22.	Тіндерден бөгде затты алып тастау	+	+	+	+	+	+
23.	Буындар пункциясы	+	+	+	+	+	+
24.	Саусақтың тұқылын қалыптастыру	+	+	+	+	+	+
25.	Тері пластикасы	-	+(-)	-	+	+	+
26.	Қаңқалық созылуларды салу	-	-	+	+	+	+
27.	Бір немесе екі бекітетін инерлерді алып тастау	+	-	+	+	+	+
28.	Сыртқы бекіту аппараттарымен сынықты тұрақтандыру	-	-	+	+	+	+
29.	Сыртқы бекіту аппаратындағы инені немесе өзекшені қайта тексеру	-	-	+	+	+	+
30.		-	-	+	+	+	+

	Наркозды талап етпейтін сыртқы бекіту аппараттарын бөлшектеу						
31.	Өмірлік көрсетілімдері бойынша-кеуде және іш қуысы ағзаларының зақымдануы кезінде хирургиялық араласу	-	-	+	+	+	+
32.	Өмірлік көрсеткіштері бойынша-бас сүйегінің декомпрессиялық трепанациясы және (немесе) трепанациясы	-	-	+	+	+	+
33.	Түзету остеотомиясы	-	-	-	-	-	+
34.	Буындардағы, байламдардағы және сіңірлердегі операциялар	-	+(-)	+	+	+	+
35.	Сүйек асты остеосинтезі	-	-	-	+	+	+
36.	Интрамедуллярлық остеосинтез	-	-	-	+	+	+
37.	Остеосинтезді блоктау	-	-	-	+	+	+
38.	Артроскопиялық операциялар	-	-	-	-	+	+
39.	Буындардың эндопротезі	-	-	-	+	+	+
40.	Keуде қуысының деформациясы кезіндегі операциялар	-	-	-	-	-	+
41.	Омыртқа бағаны, жамбас жаракаттары мен аурулары кезіндегі операциялар	-	-	-	-	-	+